**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**
**АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

«КЕЛІСІЛДІ»
Қарағанды облысының
тілдерді оқыту орталығы
директоры
_________ Игенова А.А.
«__24__» ____04__ 2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
_________ Н.О. Дулатбеков
«__30__» ____05__ 2023ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
Директор
«Н.Нұрмақов атындағы
мамандандырылған мектеп-интернат
лицейі » КММ директоры
______________С.А. Султанов
«24» ____04_______ 2023 ж.

**«6В01702 - Қазақ және ағылшын тілдері»**
**бойынша**
**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**
**2023-2027**
Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды – 2023

«6В01702- Қазақ және ағылшын тілдері» білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы.
3. 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 Жоғары білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты.
4. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері.
5. ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 ақпандағы №152 бұйрығымен.
6. 2018 жылғы 13 қазандағы №569 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы.
7. «Педагогтің» кәсіби стандарты («Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлтық кәсіпкерлер палатасы төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша).
8. «Жалпы білім беретін мекемелерде жалпы білім беретін пәндер, таңдау бойынша курстар мен факультативтер бойынша типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрыққа өзгертулер мен толықтырулар 2018 жылдың 10 мамырындағы № 199 ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы.
9. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 «Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығы.

Мазмұны


| № | Білім беру бағдарламасының төлқұжаты | Беттер |
| --- | --- | --- |
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы | 4 |
| 2 | Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары | 4 |
| 3 | Білім беру бағдарламасының тобы | 4 |
| 4 | Кредит көлемі | 4 |
| 5 | Оқыту түрі | 4 |
| 6 | Оқыту тілі | 4 |
| 7 | Академиялық дәреже | 4 |
| 8 | Білім беру бағдарламасының түрі | 4 |
| 9 | БХСЖ деңгейі | 4 |
| 10 | ҰБШ деңгейі | 4 |
| 11 | СБШ деңгейі | 4 |
| 12 | Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшелігі | 4 |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымша | 4 |
| 14 | Білім беру бағдарламасын аккредиттеу | 4 |
| 15 | Білім беру бағдарламасының мақсаты | 4 |
| 16 | Түлектің біліктілік сипаттамсы | 4 |
| а) | түлек лауазымдарының тізбесі | 4 |
| б) | Түлектің кәсіби қызмет саласы мен объектілері | 4 |
| в) | Түлектің кәсіби қызмет түрлері | 4 |
| г) | Түлектің кәсіби қызметінің функциялары | 4 |
| 17 | Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау | 5 |
| 18 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модулін анықтау | 7 |
| 19 | Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы | 9 |
| 20 | Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН) | 16 |
| 21 | Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері | 19 |
| 22 | Сертификациялық бағдарлама (MINOR) | 21 |
| 23 | Түлек моделі | 22 |

| № | **Білім беру бағдарламасының төлқұжаты** |
|---|---|
| 1 | Білім беру бағдарламасының коды және атауы: 6В01702 -Қазақ және ағылшын тілдері |
| 2 | Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары: 6В01 Педагогикалық ғылымдар; 6В017 – Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау |
| 3 | Білім беру бағдарламасының тобы: В016 Қазақ және ағылшын тілдері |
| 4 | Кредит көлемі: 240 |
| 5 | Оқыту түрі: күндізгі оқу нысаны |
| 6 | Оқыту тілі: қазақ |
| 7 | Академиялық дәреже: «6В01702 -Қазақ және ағылшын тілдері» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры |
| 8 | Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы |
| 9 | БХСЖ деңгейі: 6 |
| 10 | ҰБШ деңгейі: 6 |
| 11 | СБШ деңгейі: 6 (деңгейішілік: 6.1,6.2,6.3,6.4) |
| 12 | Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшелігі: жоқ |
| 13 | Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымша KZ83LAA00018495 28.07.2020 ж. №016 |
| 14 | Білім беру бағдарламасын аккредиттеу атауы: мамандандырылған; аккредиттеудің мерзім уақыты: 28.11.2019 |
| 15 | Білім беру бағдарламасының мақсаты: Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жоғары деңгейде меңгерген, заманауи еңбек нарығының талаптарына, шарттарына және құндылықтарына сай келетін, IT терең қолдану дағдылары бар, жан-жақты құзіреттілікті игерген мамандарды даярлау. |
| 16 | Түлектің біліктілік сипаттамсы |
| а) | түлек лауазымдарының тізбесі: қазақ, орыс және ағылшын пәндерінің мұғалімі; мектепте факультативтік сабақ ұйымдастырушы ретінде; ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер; әдеби, мәдени мекемелерде, баспа орындарында әдеби кеңесші; көпсалалы аудармашы; қоғамдық мекемелерде аналитик-сараптамашы; ішкі істер мекемелерінде тілші-корреспондент; заң-құқық органдарында лингвистикалық сараптамашы болып табылады. |
| б) | түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері: жалпы білім беру ұйымдары; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары; ғылыми-зерттеу және жобалау-сынақтау мекемелері; басқару саласы, БАҚ болып табылады. |
| в) | түлектің кәсіби қызмет түрлері: білім: (мектепте мұғалім, орта және арнайы оқу орындарында оқытушы); мәдениет: (мәдениет мекемелерінің қызметкері); ғылым: (ғылыми-зерттеу мекемелерінің қызметкері); баспа ісі: (тілші); сондай-ақ интернет (газет, радио, теледидар, журнал редакцияларының қызметкерлері). |
| г) | түлектің кәсіби қызметінің функциялары: **оқыту** – оқу ақпаратын таратады, өз бетімен білім алуды үйретеді, білім алушылардың лингвистикалық қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, оқу сабқатарын құрастырады, оқытудың жаңа технологияларын қолданады, соның ішінде АКТ және т.б.; **тәрбиелеу** – білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне араластырады, педагогикалық әдепті, педагогикалық этика ережелерін сақтайды, білім алушылардың жеке басын құрметтейді, Қазақстанның ұлттық басымдықтарын ескере отырып, тәрбие үдерісін құрады және т.б.; **әдістемелік** – білім беру үрдісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өз біліктілігін арттыруды жоспарлап, әдістер мен тәсілдерді анықтайды, оқу материалдарын берілген оқу мақсаттарына сәйкес өңдейді және т.б.; **зерттеушілік** – білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін, білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктері диагностикасының нәтижелерін пайдаланады; **әлеуметтік-коммуникативтік** – кәсіби қоғамдастықпен және білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады, білім беру стекхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларға бастамашылық жасап, заң-құқық органдарында қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде лингвистикалық сараптама жасай алады және т.б.; |
| 17 | Құзыреттер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау |
| 18 | Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модулін анықтау |
| 19 | Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы |
| 20 | Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН) |
| 21 | Түлек моделі |

## 17. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

| Құзырлылықтардың түрі | Оқыту нәтижелерінің коды | Оқыту нәтижелері (Блум таксономиясы бойынша) |
|---|---|---|
| Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills) | ON1 | Қазақстанның қазіргі заманғы тарихының, философияның, қолданбалы экономикалық, заң, жаратылыстану-ғылыми пәндерінің тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын көрсете білу;<br>- қазіргі қоғамдағы рухани процестердің рөлі туралы, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік жағдайлары туралы, адамға және табиғи ортаға зиянды және қауіпті факторлардың әсері туралы білу және қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі жобаларын іске асыру үдерістеріндегі себептер мен салдарды ғылыми сипаттау мен талдау тәсілдерін білу. |
| | ON2 | Қоғамның әлеуметтік-этикалық құндылықтарын саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психологияның базалық білімдер жүйесіндегі интеграциялық үдерістердің өнімі ретінде түсіну және түрлі тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас салаларындағы жағдайларға баға беру;<br>әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асыру. |
| Сандық құзыреттер: (Digital skills): | ON3 | Кәсіби қызметтің міндеттерін шешу үшін үш тілде вербалды және вербалды емес түрде еркін, қолжетімді және сенімді тілдік қатынас жасай алу.<br>Мәдени аралық диалог тұрғысынан шынайы түсінік беру және сыни бағалау тәсілдерін меңгеру.<br>Ақпаратты және құбылысты талдау, жинақтау және қайта өңдей алу.<br>Оқытылатын тілдің әлеуметтік таңбаланған тіл бірліктерін дұрыс қолдану.<br>Ақпараттық технологиялардың негізгі мүмкіншіліктерін білу және Интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдалану.<br>Ақыл-ой және дене қызметін қамтамасыз ету мақсатында ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін жетілдіруді басқаруда дене шынықтыру және спорт құралдарын қолдану. |
| Кәсіби құзыреттер: (Hardskills) | ON4 | Балалар мен жасөспірімдердің физиологиялық ерекшеліктері, олардың жеке дамуының қалыптасу заңдылықтары және тәрбие жұмысының әсерінен пайда болатын физиологиялық функцияларының ерекшеліктерін білу. Педагогикалық үдерісте білім беру және тәрбиелік міндеттерді қалыптастыру, оқытудың түрлерін, формаларын және әдістерін таңдай алу.<br>осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету. |
| | ON5 | Тіл білімі, әдебиеттану ғылымдарының зерттеу нысанын, қалыптасу және даму заңдылықтарын, салаларын білу; Базалық ағылшын тілін меңгеру; Грамматитка салаларын, негізгі грамматикалық ұғымдарды білу, қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы саласынан алған теориялық білімдерін практикалық тұрғыдан қолдана білу;<br>кәсіби деңгейде білім мен түсінуді қолдану, дәлелдерді қалыптастыру және оқытылатын саладағы мәселелерді шешу. |
| | ON6 | Қазақ, ағылшын тілдерін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді, ұстанымдарды, оқытудың формалары мен түрлерін меңгеру және ерекшеліктері мен тиімді тұстарын айқындай білу; Қазақ халық ауыз әдебиетінің мұраларын игеру, қазақ әдебиетінің тарихын білу; оқытылатын салада оқу-практикалық және кәсіби міндеттерді шешу үшін теориялық және практикалық білімді қолдану. |
| | ON7 | Аударылатын тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары бойынша барлық білімді тиянақтап, оны бір жүйеге келтіре алу, оларды аудару заңдылықтарына қатысты ғылыми гипотеза (болжау) құрастырып, ұсыну; Орыс тілін базалық деңгейде меңгеру; Ағылшын тілінің іскери лексикасын меңгеру, қарым-қатынас жасай алу;<br>оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдыларын қалыптастыру. |
| | ON8 | Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық, тәрбиелік іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен жүзеге асыру технологиясын, тәрбие үдерісінің негіздерін танып, кәсіби-педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру;<br>- оқу мен оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, формаларын, жаңартылған білім мазмұнының тиімді тұстарын, инновациялық |

| | | |
|---|---|---|
| | | технологияларды жүйелеп талдау, педагогикалық тәжірибеде пайдалана білу;<br>тіл ресурстарының стилистикасын тану, оларды түрлі коммуникативтік жағдайда, айтылым, жазылым актілерінде пайдалана білу; оқытылатын тілдердегі тіл мәдениетінің нормаларын білу.<br>ғылыми зерттеулердің әдістерін және академиялық хатты білу және оларды оқытылатын салада қолдану. |
| | ON9 | Қазіргі қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, синтаксистік жүйесін меңгеру, лингвистикалық, мәтіндік талдаулар жасай алу; оқытылатын салада фактілерді, құбылыстарды, теорияларды және олардың арасындағы күрделі тәуелділікті білу және түсіну. |
| | ON10 | Ағылшын тілінен алған теориялық білімдерін практикамен ұштастыра алу. Ауызша және жазбаша коммуникацияны жүзеге асыруда сөйлеу стилінің, жанрының және нысандарының функционалдық ерекшеліктерін білу, ауызекі сөйлеу тілінің әртүрлі әдіс-тәсілдерін меңгеру. |
| Soft skills | ON11 | Жалпы тілдік теориялардың шығу негізін танып білу, тілдік сараптау жасай алу, тіл тарихын, дәуірлеу кезеңдерін тану; Әдеби тілдің қоғамдық қызметін анықтай алу; Қазіргі әдеби тілдің дамуындағы жаңалықтар мен өзгерістер, оның қызмет ету аясы мен мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қызметін теориялық және практикалық тұрғыдан талдап көрсете білу; ағылшын, қазақ тілдерін жеке тұлғааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде лингвоелтанымдық сипатта қолдана алу; өзге ел мәдени құндылықтарына құрметпен қарай білу, мәдениетаралық коммуникацияға икемділігін қалыптастыру; Сөз қолданыстағы стилистикалық және стилистикалық емес қателерді ажырата алу. |
| | ON12 | Шешендік өнердің қалыптасу, даму тарихын, би-шешендердің өсиет-өнегесін танып білу; қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңашыл тенденцияларды, көкейкесті тақырып пен идеяны, стильді бағамдай алу;<br>-шетел әдебиетінің ерекшеліктерін, қазақ әдебиетіндегі шығыстық әдеби дәстүрлердің көрінісін саралай білу. |

18. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

| Оқыту нәтижесінің коды | Модуль атауы | Пәндер атауы | Көлемі (ECTS) |
|---|---|---|---|
| ОН 1, ОН 2, ОН 3 | Қоғамдық сананы жаңғыртудың идеологиялық негіздері | Қазақстанның қазіргі заман тарихы (МЕ) | 5 |
| | | Философия | 5 |
| | | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | 5 |
| | | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | |
| | | Қолданбалы бизнес | |
| | | Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет | |
| | | Қазақ халқының рухани мұрасы | |
| | | Ғылыми зерттеу негіздері | |
| | Әлеуметтік-саясаттану білім модулі | Саясаттану, әлеуметтану | 4 |
| | | Мәдениеттану, психология | 4 |
| | Ақпараттық коммуникативтік | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде) | 5 |
| | | Орыс тілі | 10 |
| | | Шетел тілі | 10 |
| | | Дене шынықтыру | 8 |
| | Педагогикалық дайындық негіздері | Оқушылардың анатомиясы,физиологиясы және гигиенасы | 5 |
| | | Педагогика | 5 |
| | | Білім берудегі менеджмент | 5 |
| | | Инклюзивті білім беру | 5 |
| | Базалық дайындық | Тіл біліміне кіріспе | 5 |
| | | Базалық ағылшын тілі | 6 |
| | | Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы | 7 |
| | | Қазақ тілін оқыту әдістемесі | 5 |
| | | Ағылшын тілін оқыту әдістемесі | 5 |
| | | Қазақ халық ауыз әдебиеті | 6 |
| | | Қазақ әдебиетінің тарихы | |
| | Кәсіби –тілдік (MINOR) | Көркем аударма | 5 |
| | | Синхронды аударма | |
| | | Базалық орыс тілі (B2) | 5 |
| | | Іскери ағылшын тілі | |
| | | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | 5 |
| | | Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиясы | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Стилистика | 5 |
| | | Тіл мәдениеті | |
| | Қазіргі қазақ тілі | Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі | 5 |
| | | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы | |
| | | Семасиология | 5 |
| | | Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы | |
| | | Мәтін синтаксисі | 5 |
| | | Синтаксис мәселелері | |
| | Ағылшын тілінің грамматикасы | Қолданбалы грамматика | 5 |
| | | Ағылшын тілінің практикалық курсы (B1) | |
| | | Коммуникативті грамматика | 5 |
| | | Ағылшын тілінің практикалық курсы (B2) | |
| | | Ауызекі ағылшын тілі | 8 |
| | | Ағылшын тілінің практикалық курсы (B2) | |
| | | Оқу | 4 |
| | | Педагогикалық | 4 |
| | Лингвистика ілімдері | Жалпы тіл білімі | 5 |
| | | Елтану | 5 |
| | | Әдеби тілдің функционалдық стильдері | 6 |
| | | Мәдениетаралық қарым-қатынастың теориясы мен практикасы | 5 |
| | | Сөйлеу мәдениеті | 7 |
| | | Үйде оқу | |
| | Қазақ және шетел әдебиеті | Қазіргі қазақ әдебиеті | 6 |
| | | Шешендік өнер | |
| | | Шығыс әдебиеті | 5 |
| | | Шетел әдебиеті | |
| | | Өндірістік | 19 |
| | | Дипломалды | 3 |
| | Қорытынды аттестаттау | Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру | 8 |

## 19. Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

| NN | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша мазмұны (30-50 сөздер) | Кредит | Оқыту нәтижелері (кодтар) | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | НО 1 | НО 2 | НО 3 | НО 4 | НО 5 | НО 6 | НО 7 | НО 8 | НО 9 | НО 10 | НО 11 | НО 12 |
| D 1 | Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері | Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеялары, табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың заманауи көзқарастары, өмір тіршілік қауіпсіздігін құқықтық реттеу, төтенше жағдайлардың зардаптарын алдын ала болжау және баға беру, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде құзыретті шешімдер қабылдау. | 5 | + | | | | | | | | | | | |
| | Қолданбалы бизнес | Студенттерді қолданбалы бизнес негіздерімен таныстыру. Пәннің негізгі мақсаты - ешқандай монополистік бірлестікке кірмейтін және экономикада монополияға қатысты бағынышты рөл атқаратын жеке меншіктегі ұсақ және орта кәсіпорындардың қабылданған жиынтық ты түсіндіру. Дамыған елдерде сыртқы экономикалық байланыстардың негізгі бөлігі - Шағын бизнестің үлесін түсіндіру. | | | + | | | | | | | | | | |
| | Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері | Мемлекет, ҚР мемлекеттік билік органдары. ҚР әкімшілік құқық негіздері. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру.<br>"Мемлекет, құқық, мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі түсініктер; ҚР конституциялық құқығының негіздері; ҚР құқыққорғау органдары және сот; ҚР мемлекеттік билік органдары; ҚР әкімшілік құқық негіздері; ҚР азаматтық және отбасылық құқық негіздері; ҚР еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы; Сыбайлас жемқорлық үшін құқықтық жауапкершілік; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру" | | | | + | | | | | | | | | |
| | Қазақ халқының рухани мұрасы<br><br>Ғылыми зерттеу негіздері | «Мәңгілік ел» ұлтжандылық және ұлттық сана үшін оның мәні. Қазіргі заманғы жаһандану әлеміндегі қазақстандық бірлік.<br>Қазақ халқының рухани мұралары, ұлттық рухани мұралардың негізі – көне түрік жазбалары, фольклорлық шығармалардың қазақ халқының тарихи дамуында алатын орны.<br>Ғылыми әдістердің деңгейлері (түрлері), олардың қолдану ерекшеліктері, ауқымды деректерге анализ жасау, бағдарламау тілі (Phyton), эксперименттердің түрлері, оларды жасауға арналған платформалар (ГуглФорма) қарастырылады. | | + | | | | | | | | | | | |
| D 2 | Оқушылардың анатомиясы, физиологиясы және гигиенасы | Мектеп жасындағы балалардың өсіп, дамуының жас физиологиялық ерекшеліктерінің негіздерін білу, адам өміріндегі түрлі кезеңдерінде тұлғаға тән психикалық процестер, қасиеттер, қалыптар, құбылыстар жайында білу. Балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету. | 5 | | | | + | | | | | | | | |
| | Педагогика | Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздерін таныту. Педагогика адам туралы ғылым жүйесінде екендігін ұғындыру. Жеке тұлғаның тәрбие объектісі болатындығын, оның субъекті ретінде дамуы мен қалыптасуының факторын түсіндіру. | 5 | | | | + | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Білім берудегі менеджмент | Білім берудегі менеджменттің теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогикалық менеджмент педагогикалық жүйелерді басқару теориясы мен технологиялары ретінде. Педагогикалық менеджменттің заңдылықтары. Педагогикалық менеджменттің ұстанымдары. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқару. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін диагностикалау, жоспарлау, әдістемелік қызмет және мұғалімдерді аттестациялау | 5 | | | | + | | | | | | | | |
| | Инклюзивті білім беру | Инклюзивті білім берудің қағидаларымен және философиялық, әдіснамалық негіздері туралы түсініктерін қалыптастыру, инклюзивті білім берудің құқықтық-нормативтік қамтамасыздандыруда кездесіп отырған кедергілерін жою, ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық қолдауға байланысты заманауи моделдері туралы түсініктері мен инклюзивті тәжірибе аймағында ұйымдастыру мен басқару құзыреттіліктерін қалыптастыру. | 5 | | | | + | | | | | | | | |
| D 3 | Тіл біліміне кіріспе | Тіл және оның анықтамасы, тілдің шығу тарихы, тілдің басқа ғалам салаларымен байланысы, тілдік заңдылықтар, амал-тәсілдер, тіл білімінің салалары, тілдердің генеологиялық, типологиялық жіктелуі, тіл біліміндегі әдіс-тәсілдер және тіл-тілдегі қалыптасқан грамматикалық нормалар қарастырылады.Тілдің қоғам өмірінде алатын орнын, тілдің қоғамдық қызметін саралайды, тілдің шығу негіздерін айқындап, түсіндіріп бере алады. | 5 | | | | | + | | | | | | | |
| | Базалық ағылшын тілі | Мәтіндердің функционалдық типтерін ажыратып, түзей алады; коммуникативтік жағдаят талаптарына сәйкес құрылымдарды таңдап қолдана алады; мәтіндердегі лексикалық, синтаксистік, морфологиялық қателерді анықтайды. | 6 | | | | | + | | | | | | | |
| | Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы | Сөзжасам теориясы, сөзжасамдық әдіс-тәсілдер, сөз тартарының сөзжасамы зерделенеді. Қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгеруін, сөз формаларын, оның құрастырудың жолдары мен тәсілі, амалы туралы және сөз атаулының әлденеше рет өзгеріске ұшыраған түрі мен олардың топтарға бөлінуін, әр топқа енген сөздердің өзіне тән грамматикалық сыр-сипаты жөнінде студенттерге терең теориялық білім беруді қарастырады. | 7 | | | | | + | | | | | | | |
| | Қазақ тілін оқыту әдістемесі | Жаңаша оқыту әдістерін, өзекті мәселелерге өзіндік тұрғыдан талдау жасай алу, оқытудағы жаңалықтарды кеңінен пайдалануға машықтанып, нақты ситуацияларда қолданады. Оқытудың әдіс-тәсілдерін, жаңартылған білім мазмұны негізінде меңгереді. Оқыту мен оқудағы бағалаудың түрлерін және оларды қолданудың жолдарын айқындап беру. | 5 | | | | | | + | | | | | | |
| | Ағылшын тілін оқыту әдістемесі | Тілдер мен әдебиетті оқыту әдістерін қолдана білу, өзекті мәселелерге өзіндік тұрғыдан талдау жасау, оқытудағы жаңалықтарды кеңінен пайдалануға машықтанып, нақты ситуацияларда қолданады, оқытудың формалары мен түрлерін меңгеру және ерекшеліктері мен тиімді тұстарын айқындай алады. | 5 | | | | | | + | | | | | | |
| | Қазақ халық ауыз әдебиеті | Фольклор және фольклористика ғылымының және қазақ халқының ауыз әдебиеті оның туу, қалыптасу, даму тарихының күрделі кезеңдері. Халық ауыз әдебиетінің эстетикасы мен поэтикасы. Фольклордың эстетикасы, тарихи-әлеуметтік сипаттары, оның дәстүрлік стильдері, халық шығармашылығының көркемдік әдістері, ауыз әдебиетінің шындыққа эстетикалық қарым-қатынасы. | 6 | | | | | | + | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қазақ әдебиетінің тарихы | Әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу, даму жолдары, әдебиетке қатысты терминология, әдебиеттің шығу тегі мен дамуы, ежелгі дәуірдегі әдеби мұралар, әдеби және тарихи тұлғалар, әлемдік әдебиетте қалыптасқан әдеби ағымдардың теориясы және пайда болу жолдары. Әдебиетінің эстетикасы мен поэтикасы. Әдебиеттің тарихы, даму тенденциялары. | | | | | | | + | | | | | | |
| D 4 | Көркем аударма | Мәдениеттер мен ғаламдық өркениеттер тоғысындағы аударма саласының алар орыны, қоғамдық қызметі, аударма және аудармашы міндеттерінің өзекті сипаттары. Аударма түрлері, аударма үдерістерінің өзіндік болмысы. | 5 | | | | | | | + | | | | | |
| | Синхронды аударма | Аударма теориясының негізгі ұғымдары; жалпы аударманың лексикалық мәселелері, аудармадағы трансформациялық құбылыстар, синхронды аударманы игерудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін меңгеру. | | | | | | | | + | | | | | |
| | Базалық орыс тілі (В2) | Қазіргі қазақ,орыс, ағылшын тілдерінің фонетикасы мен лексикалық бірліктері туралы негізгі бағыттар мен теориялық ізденістері, басқа лингвистикалық ғылымдар ішінде орны мен рөлі, ерекшеліктері. | 5 | | | | | | | | | + | | | |
| | Іскери ағылшын тілі | Оқылатын тілдің көмегімен кәсіби қызметінде және қарым-қатынастың берілген жағдаяттарында нақты коммуникативтік міндеттерді шешу. Сөйлеудің ауызша және жазбаша түрлерінде білім алушыларға тілдік қызметтің төрт түрін меңгерді (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым); оқылатын тілдердің тілдік құралдарын қолдана отырып,өзінің көзқарасын, пікірін дәлелдеп айту және қалыптастыру; іскери тілдесімнің дағдылары қалыптасады. | | | | | | | | | | + | | | |
| | Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі | Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі. Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі. Сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекетінің жүйесі. Мектепте, сыныпта тәрбие жоспарын жоспарлау. Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері. Қазіргі таңдағы оқу-тәрбие үдерісіндегі тәрбие технологиясы.Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыстарының жүйесі Дарынды балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі. Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық әрекеттестік технологиясы. | 5 | | | | | | | | + | | | | |
| | Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары | Мектепте оқу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық технологиялары оқыту, оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттілігін, оқыту мен оқудағы әдіс-тәсілдерді, ақпараттық-коммуникациялық технологияны қолдану жолдарын, сын тұрғысынан ойлауды, оқу үшін бағалауды, оқуды бағалауды, оқудағы кедергілерді топпен талқылау. Дарынды, талантты балалармен жұмыс істеудің жолдарын, олардың түрлерін меңгеріп, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды кәсіби деңгейде меңгеру. | | | | | | | | | + | | | | |
| | Стилистика | Стилистика тілдік тұлға-бірліктердің белгілі бір қолданыс саласындағы мақсат-міндеттерге сай жұмсалуын зерттейді, яғни синонимдік қатардан коммуникативтік жағдаятқа сәйкес фунционалды-стилистикалық бояулы тілдік құралдарды таңдау мүмкіндіктерін қарастырады. Айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым әрекеттерін жүзеге асырады. Функционалдық стильді құраушы факторлармен таныстыру; көркем әдебиет стиліндегі уәжді еркіндіктердің эстетикалық мақсаттан туындайтынын көрсету. | 5 | | | | | | | | + | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Тіл мәдениеті | Тіл мәдениеті, оның түрлері және нормалары туралы хабардар ету; студенттерді ана тілінде сөйлеу мәдениетіне дағдыландыру. Тіл және сөйлеу, тіл мен сөйлеудің қатысымдық қызметі, қазақ әдеби тілі және оның нормалары, норма қалыптастырудағы сөздіктердің рөлі, сөздің қатысымдық сапасы, сөзқолданыс, жұрт алдында сөйлеу. | | | | | | | | | + | | | | |
| D 5 | Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі | Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, фонетикалық заңдылықтар, фонетикалық принциптер, буын жігі, түрлері, тасымал, екпін ерекшеліктері, фонетикалық құбылыстар, орфографияны оқытудағы қиындық келтіріп жүрген жайлар, емлені бір ізге түсірудің тиімді жолдары қарастырылады. | 5 | | | | | | | | | + | | | |
| | Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы | Тілдегі дыбыстардың санын, сапасын анықтауға және сол дыбыстарға қатысты түрлі заңды ашуға; дыбыстардың акустикалық-артикуляциялық қасиеттерін, фонетикалық құбылыстардың пайда болуын, жіктелуін, сөз ішінде біріне-бірі ықпал етіп, үйлесіп, үндесіп тұруын, буын, екпін, сөйлеу мен жазудың арақатынасы т.б. мәселелерді жан-жақты меңгертуге назар аудартылады. | | | | | | | | | | + | | | |
| | Семасиология | Семасиологияның негізгі нысанын айқындайды. Сөз мағынасының тарылуы мен кеңеюі, сөздің ауыспалы мағынаға көшу жолдары мен түрлері, сөз мағынасының қолданыстағы өзгеру сипаты, коннатациялық мағынаның мәтін аясындағы көрінісі, жаңа сөз жасаудағы мағынаның рөлі қарастырылады. | 5 | | | | | | | | | + | | | |
| | Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы | Сөздік қор мен сөздік құрамның арақатысын, лексиканың кеңею және толығу жолдарын және сөз мағынасының түрлерін, фразеологизмдердің берілу жолдарын және түрлерін, сөз табына қатыстылығы меңгеріледі. Лексикология және лексикография мәселелері жан-жақты қарастырылады. | | | | | | | | | | + | | | |
| | Мәтін синтаксисі | Мәтін және оның түрлері, мәтінде қолданылған тілдік құралдардың мағынасы, мәні, эстетикалық қызметі, синтаусистік құрылымы қарастырылады. Мәтін талдаудың бағыттары мен әдістері сараланады. Прозалық, драмалық, поэзиялық мәтіндерді талдау жолдары мен үлгісі беріледі. | 5 | | | | | | | | | + | | | |
| | Синтаксис мәселелері | Пәнде сөз формаларының синтаксистік қызметі, сөз тіркесінің түрлері, сөйлем мүшелері, жай сөйлемнің құрылымдық типтері, құрмалас сөйлемнің зерттелу тарихы, құрмалас сөйлемнің мағыналық топтары, салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдер, олардың жасалу жолдары, тыныс белгілері тәрізді мәселелер қарастырылады.Синтаксистік категорияларды талдауды үйренеді. | | | | | | | | | | + | | | |
| D 6 | Қолданбалы грамматика | Әртүрлі сөйлеу әрекетінде қолданылатын синтаксистік бірліктердің құрылымдық, семантикалық және коммуникативтік түрлілігін, қызметін меңгеріп, дағдыланады. Тілдердің қызметін, өмір сүру формаларын, сөздің айтылуы мен жазылуын, дыбыс, әріп, фонема, үндестік заңы туралы, орфография туралы түсінік, олардың ерекшелігін айқындай білуі және фонетикалық дыбыс алмасуларына жатпайтын құбылыстардың сырын қарастырады. | 5 | | | | | | | | | | + | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Ағылшын тілінің практикалық курсы (В1) | Пәннің мазмұны материалды практикалық меңгеруді қамтамасыз ететін түрлі контекспен жаттығу, жаттығуларын қолдана отырып, ағылшын тілінің грамматикалық ережелерін жалпылауға бағытталған; ағылшын тілінің грамматикалық құрылысы туралы ғылымның қазіргі жай-күйімен таныстыру; грамматикалық талдаудың негізгі әдістерін білумен және оларды зерттеу анализі ретінде қолдана білумен қамтамасыз ету . | 5 | | | | | | | | | | + | | |
| | Коммуникативті грамматика | Тілдік қатынас негіздерін меңгеру нәтижесінде студенттердің сөйлеу мәдениеті қалыптасады. Коммуникативтік, кәсіби құзыреттерді қалыптастыру, кәсіби қарым-қатынасқа дайындау, әртүрлі сөздіктермен жұмыс істеуге үйрету, фонетикалық ерекшеліктерді транскрипциялай алуға, сөзжасам және морфология туралы теорияны сөздерді және сөйлемдерді құрауда қолдануға дағдыландыру. | 5 | | | | | | | | | | + | | |
| | Ағылшын тілінің практикалық курсы (В2) | Пән жалпыеуропалық тілдік құзыреттіліктің В2 деңгейіне сәйкес келетін орыс тілінде мамандықтың пәндік саласын оқытуды көздейді, болашақ мамандық немесе мамандық ерекшеліктерімен ұштасатын орыс тілін үйренуде студенттердің қажеттіліктерін есепке алуға негізделген және мамандық бойынша әдебиеттерді оқуды, лексика мен терминологияны оқытуды, сондай-ақ кәсіптік қызмет саласында қарым-қатынасты қамтитын процесс болып табылады. | 8 | | | | | | | | | | + | | |
| | Ауызекі ағылшын тілі | Шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеу актісінің ауызша және жазбаша барлық 4 түрін қолдана алады. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым- қатынасты атқарады. Сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. | 8 | | | | | | | | | | + | | |
